

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

ӘОЖ 621.3 (043)

Қолжазба нұсқасында

Жәдігер Төрехан Әмірханұлы

Талшықты-оптикалық тарату жүйелеріндегі электро-оптикалық
модуляторлардың спектрлік сипаттамаларын зерттеу және модельдеу

Магистр академиялық дәрежесін іздену үшін

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

7М06201 – «Телекоммуникациялар» мамандығы

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,

техн.ғыл. канд-ы

Таштай Е.

«25» 05 2022 ж.

Магистр академиялық дәрежесін іздену үшін

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Тақырыбы: «Талшықты-оптикалық тарату жүйелеріндегі электро-оптикалық модуляторлардың спектрлік сипаттамаларын зерттеу және модельдеу»

7М06201 – «Телекоммуникациялар» мамандығы

Орындаған

Жәдігер Т.Ә

Пікір беруші,
АЭЖБУ профессоры, т.ғ.к.

К.С.Чежимбаева
«25» мамыр 2022 ж.

Ғылыми жетекші,
ЭТЖТТ кафедрасының ассистент
профессоры, т.ғ.к.

А.А.Абдыкадыров
«25» мамыр 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыш технологиялар кафедрасы

7М06201 – Телекоммуникация

БЕКІТІЛДІ

ЭТ ж ҒТ кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.кан, профессор

Е.Таштай

«25» мамыр 2020 ж

**Магистрлік диссертацияны орындауға
ТАПСЫРМА**

Магистрант: Жәдігер Төрехан Әмірханұлы

Тақырыбы: «Талшықты-оптикалық тарату жүйелеріндегі электро-оптикалық модуляторлардың спектрлік сипаттамаларын зерттеу және модельдеу».

Университет ректорының «03» қараша 2020ж. №2034-М бұйрығына өзгерістермен бекітілген.

Дайын диссертацияны тапсыру уақыты: «30» мамыр 2022ж.

Жұмыстың алғашқы мәліметтері: 1. ГОСТ Р ISO 11551-2015 Оптика және оптикалық құрылғылар. Лазерлер және лазерлік қондырғылар (жүйелер). Оптикалық элементтермен лазерлік сәулеленудің жұтылу коэффициентін өлшеу әдістемесі.

Диссертацияда өңделетін сұрақтар, диссертацияның қысқаша мазмұны: Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

а) *Сәуленің анизотропты кристалдан өту сызбалары;*

б) *Мах-Цендер модуляторындағы сәуленің сөнуі (2%);*

в) *Мах-Цендер модуляторының математикалық моделі;*


Ұсынылатын негізгі әдебиет 68 атау:

1. Розеншер, Э. Оптоэлектроника / Э. Розеншер, Б. Витнер - М.: Техносфера, 2006. - 592 с
2. David J. Thomson. 50-Gb/s Silicon Optical Modulator / IEEE Photonics technology letters, Vol. 24, NO. 4, 2012. - P. 234-236.

Магистрлік диссертацияны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге көрсету мерізімі	Ескерту
Электро-оптикалық модуляторлардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау	01.10.2020 -01.01.2021	орындалды
Талшықты оптикалық байланыс желісінде сандық сигналдардың сипаттамаларын зерттеу.	01.01.2021–01.05.2021	орындалды
COMSOL Multiphysics бағдарламасында Мах-Цендер модуляторының моделін құру.	01.09.2021–01.05.2022	орындалды

диссертацияға қатысты бөлімдерді көрсете отырып, аяқталған магистрлік
диссертацияға консультанттарды және нормабақылаушылардың
қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңес берушілер Т.А.Ә. (ғылыми дәрежесі)	Қол қойылған күні	Қолы
Диссертациялық жұмыстың тақырыбын талдау	ЭТжҒТ кафедрасының ассистент профессоры, к.т.н. Абдыкадыров А.А.	10.01.2021 ж.	
Теориялық ақпарат	ЭТжҒТ кафедрасының ассистент профессоры, к.т.н. Абдыкадыров А.А.	01.05.2021 ж.	
Нормабақылаушы	Доктор PhD, ассоц профессор Смайлов Н.К.	27.05.2022 ж.	

Ғылыми жетекші

Абдыкадыров А.А.

Магистрант

Жәдігер Т.Ә.

АҢДАТПА

«Талшықты-оптикалық тарату жүйелеріндегі электро-оптикалық модуляторлардың спектрлік сипаттамаларын зерттеу және модельдеу» магистрлік диссертация жұмысында электро-оптикалық модуляторлардың қолдану мақсатына қарай артықшылықтары мен кемшіліктері анықталған. Заманауи кең жолақты сәулелену көздері үшін электро-оптикалық модуляцияны қолдану мүмкіндігі қарастырылған. Практикалық бөлімде оптикалық сигнал генераторы арқылы қуаты минус 4.84 дБм болатын сандық оптикалық сигнал генерацияланып Мах-Цендер интерферометрі негізіндегі модуляторға жіберілді. Мах-Цендер модуляторының шығысындағы сигнал спектрі зерттелді. Практикалық жұмыс барысында оптикалық сигнал көзі, фотоқабылдағыш, «РУБИН 201» оптикалық тестері, «RIGOL DS1054Z» осциллографы және ұзындығы 3м болатын бір модальды FC/UPS-SM-3m- FC/UPS оптоалшықты шнурлар қолданылды. Ал Мах-Цендер модуляторының моделі COMSOL Multiphysics бағдарламасында жасалды. Сандық оптикалық толқындарды Мах-Цендер интерферометрі негізіндегі модулятор арқылы амплитудалық және фазалық модуляциялау барысы COMSOL Multiphysics бағдарламасында симуляцияланған.

АННОТАЦИЯ

В магистерской диссертации «Исследование и моделирование спектральных характеристик электрооптических модуляторов в волоконно-оптических системах передачи» выявлены преимущества и недостатки электрооптических модуляторов в зависимости от цели и назначения использования. На сегодняшний день, есть возможности использования электрооптической модуляции для современных широкополосных источников излучения.

В практической части данной работы генератором оптических сигналов был сгенерирован цифровой оптический сигнал мощностью минус 4,84 дБм и подавался на модулятор на основе интерферометра Маха-Цендера. Исследовался спектр сигнала на выходе модулятора Маха-Цендера. В ходе практической работы были использованы источник оптического сигнала, фотоприемник, оптический тестер «РУБИН 201», осциллограф «RIGOL DS1054Z» и одномодовые волоконно-оптические кабели FC/UPS-SM-3m-FC/UPS длиной 3 м. Математическая модель модулятора Маха-Цендера была разработана в среде COMSOL Multiphysics. Описан процесс амплитудной и фазовой модуляции цифровых оптических волн с помощью математической модели электрооптического модулятора на основе интерферометра Маха-Цендера.

ANNOTATION

The master's thesis "Research and modeling of the spectral characteristics of electro-optical modulators in fiber-optic transmission systems" revealed the advantages and disadvantages of electro-optical modulators depending on the purpose of use. Today, there are great opportunities to use electro-optical modulation for modern broadband radiation sources.

In the practical part of this work, a digital optical signal with a power of minus 4.84 dBm was generated by an optical signal generator and fed to a modulator based on a Mach-Zehnder interferometer. The spectrum of the signal at the output of the Mach-Zehnder modulator was studied. In the practical part of the work, an optical signal source, a photodetector, an optical tester "RUBIN 201", an oscilloscope "RIGOL DS1054Z" and single-mode 3 m long fiber-optic cables FC / UPS-SM-3m-FC / UPS were used. Mathematic model of the Mach-Zehnder electro-optical modulator was developed in the COMSOL Multiphysics environment. The process of amplitude and phase modulation of digital optical waves is described using a mathematical model of an electro-optical modulator based on a Mach-Zehnder interferometer.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Оптикалық сәулелердің анизотропты ортадан өту кезіндегі шағылу көрсеткіштерінің өзгеруі	10
1.1 Мах-Цендер электро-оптикалық модуляторларының артықшылықтары мен кемшіліктері (Әдебиеттерге шолу)	10
1.2 Анизотропты кристаллдардың оптикалық сипаттамалары	14
1.3 Жарықтың анизотропты кристалды жүйелерден өтуі	20
1.4 Кристалдардың оптикалық сипаттамаларына сырқы электр өрісінің әсері	24
1.5 Сәулеленудің электрооптикалық модуляциясы.	27
2 Сыртқы жағдайлардың анизотропты кристалдардың оптикалық сипаттамаларына әсері	31
2.1 Электр өрісінің анизотропты кристалдарда таралуы	31
2.2 Литий ниобаты кристалындағы поляризацияланған сәулеленудің сипаттамаларының өзгеруі	33
2.3 Лзерлік сәулеленудің электрооптикалық модуляциясы	40
2.4 Гаусс интенсивтілігінің таралуымен кең жолақты сәулеленудің электрооптикалық модуляциясы	43
3 Литий ниобаты кристалындағы электрооптикалық модуляция және Мах-Цендер интерферометрі негізіндегі электрооптикалық модулятордың математикалық моделі	51
3.1 Мах-Цендер электрооптикалық модуляторының шекті бұрыштық апертурасын есептеу	51
3.2 Мах-Цендер электро-оптикалық модуляторының математикалық моделін COMSOL Multiphysics бағдарламасында модельдеу	56
Қорытынды	63
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	64

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда теориялық және қолданбалы оптикада оптикалық сәулеленуді басқару мәселесі өзекті болып табылады. Бұл бағыттың ақпаратты өңдеудің, тасымалдаудың және сақтаудың оптикалық және электронды әдістерін бірлесіп пайдалану мәселелерін қарастыратын заманауи оптоэлектроникада алатын орны бөлек [1, 2].

Заманауи телекоммуникациялық желілерде ақпаратты тасымалдауға арналған, анизотропты кристалдарда болатын электрооптикалық әсерге негізделген сәулеленудің электрооптикалық модуляциясы [3] кең қолданыс тапты. Сондай-ақ, оптиканың өзекті саласы болып табылатын сәулеленудің таралуы зерттелуді [4]. Анизотропты кристалды екі поляризатордың арасына орналастырып, шығыс сәулеленудің интенсивтілігін өзгертуге болатыны белгілі, бірақ поляризаторлардың тасымалдау жазықтықтары мен кристалдардың оптикалық осьтерінің өзара бағдарлануының, шығарылатын сәулеленудің құрамы спектріне әсері толық зерттелмеген.

Электрооптикалық кристалдарда сыртқы электр өрісінің болуы сыну көрсеткіштерінің және соның салдарынан кристалдың ішіндегі электромагниттік толқындардың таралу бағытының өзгеруін тудырады [5]. Егер сыну көрсеткішінің өзгеруі электр өрісіне пропорционал болса, онда бұл сызықтық электрооптикалық әсерге сәйкес келеді. Осы әсердің негізінде қарқындылыққа немесе фазаға қатысты сәулеленуді модуляциялаудың ыңғайлы және кеңінен қолданылатын әдістері әзірленді [6]. Сыртқы электр өрісінің біртекті еместігі кристалдардағы сыну көрсеткішінің біркелкі емес өзгеруіне және модуляция тереңдігінің төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, электрооптикалық модуляцияны қолдану әлі күнге дейін сәулелену көздерінің монохроматтылығына қойылатын талаптармен шектеледі. Заманауи электрооптикалық модуляторлар сәулеленудің тар спектрлік диапазонына (бірнеше нанометрге дейін) ие және бірнеше ондаған ерікті спектрлік құрамы бар кең жолақты сәулеленуді модуляциялауға жарамсыз лазерлер мен лазерлік диодтардың [7] сәулеленуін тиімді модуляциялайды. Осыған байланысты кең жолақты сәулеленудің электро-оптикалық модуляциясын зерттеу және сәулелену спектрінің түрін бақылау өте өзекті болып табылады.

Жұмыстың өзектілігі. Интернет желісінің үздіксіз дамуы, 5G және IoT қосымшалары сияқты жоғары жылдамдықты қажет ететін бағдарламаларды енгізу, жеткілікті өткізу қабілеттілігін қамтамасыз ететін аппараттық инфрақұрылымға шұғыл қажеттілік туғызады. Осындай жоғары жылдамдыққа ие ақпараттық инфрақұрылымдар тек талшықты-оптика көмегімен құрастырылады. Сол себепті сөну көрсеткіші төмен, кең жолақты өткізу қабілетіне ие, сенімді оптикалық жүйелерді құру қазіргі таңда, электроника мен телекоммуникация

саласындағы ең өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Жоғарыда айтылған, жүйелердің ең басты элементі – электро-оптикалық модуляторлар. Сәйкесінше электро-оптикалық модуляторлардың сипаттамаларын арттыру да өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Ғылыми жаңалығы. Осы жұмыс барысында Мах-Цендер интерферометрі негізіндегі жасалған электро-оптикалық модулятордың моделі төмен кіріс шығынына, төмен жартылай толқын кернеуіне және жоғары шығыс оптикалық қуатына ие.

Түйін сөздер. Электро-оптикалық модуляторлар, Мах-Цендер модуляторлары, Брэгг торлары негізіндегі электро-оптикалық модуляторлар, литий ниобаты негізіндегі электро-оптикалық модуляторлар.

1 ОПТИКАЛЫҚ СӘУЛЕЛЕРДІҢ АНИЗОТРОПТЫ ОРТАДАН ӨТУ КЕЗІНДЕГІ ШАҒЫЛУ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ

1.1 Мах-Цендер электро-оптикалық модуляторларының артықшылықтары мен кемшіліктері

Қазіргі таңда электрооптикалық модуляторлардың кең тараған түрі – Мах-Цендер интерферометрі негізіндегі модуляторлар. Электрооптикалық модуляторлардың бұл түрінің кеңінен таралуы оның деректерді жоғары жылдамдықта тарату мүмкіндігі мен оларды құрастыру құнының төмен болуы. Дәл осындай құны төмен, деректерді тасымалдау жылдамдығы 50 Гб/с дейін жететін электрооптикалық модуляторды Дэвид Томпсон ұсынған. Ол бір субстратта кремний мен CMOS электроникасы интеграцияланған модулятор прототипін жасады. Аталмыш прототип биіктігі 220 нм, ені 400нм қабырғалық волноводтан жасалған. Төсемше(подложка) ретінде ұзындығы 100нм төсемше қолданылған. Авторлардың айтуы бойынша бұл түйіспеге төмен кіру кедергісі мен бүйір қабырғалардың әрекеттесуін қамтамасыз етеді. Жасалынған модулятордың мүмкіндіктерін көру үшін оның кірісіне тасымалдау жылдамдығы 12.5 Гб/с болатын, мультиплексордан өткен төрт псевдо-кездейсоқ деректер ағымы берілді. Кіріс оптикалық толқынның толқын ұзындығы ретінде 1551.75нм мәні таңдалған. Нәтижесінде тасымалдаушы толқынның көз диаграммасы алынды. Оған сәйкес каналдағы шум мен тасымалдаушы сигналдың төмен интерференция мәніне көз жеткізсе болады. Ал модулятордағы оптикалық сигналдың сөну мәні 7,4дБм [8].

Деректерді тасымалдау жылдамдығын одан әрі артыру мақсатында, W.Henі деректерді тасымалдау мәні 72 Гб/с-қа, кейін 108 Гб/с-қа дейін жететін жүйені ұсынған. Ол бұл жүйені кремний-плазмоника-органикалық гибриді Мах-Цендер интерферометрі негізінді жасалынған. Бұл жүйеде фазалық модуляция плазмоника-органикалық гибриді (РОН) ығыстырғышы арқылы жүзеге асырылған. Бұл модулятордың деректерді тасымалдау жылдамдығы жоғары болғанымен, толқынның сөну көрсеткіші 25дБм. Ол Дэвид Томпсонның моделінен әлде қайда жоғары. Модулятордың артықшылықтарына келетін болсақ: ол толқын ұзындығы 1520-1620нм болатын 70ГГц-тен асатын спектрлік аралықтағы толқындармен жұмыс жасайды. Практикалық бөлімде, құрылғы BER мәні 4×10^{-5} , деректерді тарату жылдамдығы 72 Гб/с-қа, 108 Гб/с болатын сигналдарды қолдану арқылы сынақтан өтті. Авторлардың айтуы бойынша, мұндай жүйелер болашақта фотоникалық IQ модуляторлардың орнын басу мүмкіндіктері бар [9].

Сонымен қатар, қазіргі таңда, аса үлкен көлемдегі деректерді 2-10 км аралығында аз энергиятұтыну мөлшерімен тарату жүйелері үлкен сұранысқа ие.

Осы сұраныстарды қанағаттандыру мақсатында Sophie Lange деректерді тарату жылдамдығы 100 ГБ/с, өткізу жолағы 44 ГГц болатын DFB-MZM TOSA монолитті модулін ұсынды. Бұл модуль таратылған кері байланыс лазерінің гетероструктурасынан (DFB), және оған интеграцияланған волноводынан (DRWG) тұрады. 1,8 км мен 1,2 км-ге тасымалдау толқын ұзындығы 1550 нм-ге тең болатын толқынмен жүзеге асады. Бұл жылдамдығы 400 Гб/с-тең екі жолақты жүйелер үшін тиімді болып келеді. Ал энергия тұтыну мәселесіне келетін болсақ РАМ4 модуляциясының бір битына 0,85 пДж/бит энергия жұмсалса, РАМ8 үшін 0,85 пДж/бит энергия жұмсалады [10].

Ал деректерді үлкен қашықтыққа тасымалдау үшін оптикалық бір жақ жолақты модуляциясын (OSSB) қолданған тиімді. Дәлірек айтқанда 120° гибриді қосқыш пен қос жетекті Мах-Цендер модуляторы негізіндегі жаңа OSSB модуляция схемасының артықшылықтары көп. Мәселен Min Xue 90° гибриді қосқыш пен 120° гибриді қосқыш негізіндегі OSSB сигналдарының симуляцияланған оптикалық спектрлерін салыстырған. Зерттеу барысында модулятордың шектеулі сөну коэффициентіне байланысты –бірінші ретті бүйірлік жолақ толығымен басылмаған. Екі OSSB модуляциясының әрқайсысы үшін –бірінші ретті бүйірлік жолағының басылу коэффициенттері бірдей. Бірақ мақалада ұсынылған OSSB модуляциясының 2-ші ретті бүйірлік жолақ модуляция индексі $\pi/3$ болғанда қарапайым OSSB модуляциясынан 26,38 дБм мәнге төмен [11].

Біріктірілген қос параллель Мах – Цендер модуляторынан (dMZM) тұратын оптикалық модуляторды бір жақты оптикалық жолақ модуляциясы (OSSB) үшін ғана емес, сонымен қатар оптикалық тасымалдаушының бүйірлік жолақ қатынасының (OCSR) реттелуін бір уақытта алуға болады. Мұндай модулятор модуляция тиімділігі мен қабылдағыштың сезімталдығын арттыру, талшықты хроматикалық дисперсиядан туындаған RF қуатының өшуін жою және талшықты байланыстар арқылы радионың жұмысын оңтайландыру үшін қолданылады. Ішкі MZM-ге қолданылатын ығысу кернеуін өзгерту арқылы OCSR теңшеу мүмкіндігінің кең динамикалық диапазонын алуға болады. Максималды RF шығыс қуатын алу нәтижесі оңтайлы OCSR модуляция индексіне және dMZM өшу коэффициентіне байланысты [12].

Электрооптикалық модуляторларда фазалық модуляция эффективтілігін арттыру үшін Мах-Цендер интерферометрінің екі жағына фаза бойынша ығысқан Брэгг торлары орнатылады. Фазалық модуляция эффективтілігінің артуы ықшам біріктірілген резонаторлардағы баяу жарық эффектісіне байланысты. Брегг торының бұл резонаторлары микро сақиналар сияқты басқа біріктірілген қуыстармен салыстырғанда оптикалық өткізу қабілеттілігі жоғарылайтындай етіп жасалған. Бұл жақсартылған өткізу қабілеттілігі құрылғылардың температураға сезімталдығын төмендетеді. Модуляция тиімділігі ($V_\pi \times L$), оптикалық модуляция амплитудасы және оптикалық өткізу қабілеттілігі ($\Delta\lambda_{BW}$)

сияқты қасиеттерді ескере отырып, осы модуляторларды оңтайландыру мүмкіндіктері бар [13].

Мах-Цендер модуляторына интеграцияланған Брэгг торлары негізіндегі тағы бір модулятордың моделі фотонды кремнийден жасалынған. Бұл модулятордың басқа резонатор негізінде жасалған модуляторлардан басты ерекшелігі оның оптикалық өткізу жолағының едәуір кеңдігі болып табылады. CMOS үйлесімді құю процесін пайдаланып жасалған бұл модулятор қарапайым кремний негізінде жасалған модуляторомен салыстырғанда мәні 0.18 В.см-ге тең жеті есе әлсіз $V_{\pi} \times L$ сигналға қол жеткізді. Аталған құрылғының көлемі өте шағын, ұзындығы бар болғаны 162 мкм-ге тең, сонымен қатар 1 В керу ығысу кезінде 28 ГГц модуляция жолағына ие [14].

Екі позициялық манипуляцияланған сигналды 100 Гб/с жылдамдықпен, хроматикалық дисперсия мәнін компенсациялау қажетінсіз, толқын ұзындығы 1559,05 нм-ге тең болатын стандартты бірмодалы оптоалшық арқылы жіберу үшін, жұқа литий ниобаты пленкасында волноводты брэгг торларын орналастыру негізінде жасалған интегралды электрооптикалық модуляторлар қолданылады. Өлшемі $10 \times 400 \mu\text{m}^2$ болатын бұл модуляторда толқын ұзындығы 1559.9 нм С-диапазонында оптикалық сөну көрсеткіші 53.8 дБ мәніне тең. Қарапайым қарқындылық модуляция мен тікелей детектрлеу схемасы кезінде 2, 4 және 8 PWM модуляциясы арқылы деректерді 100 Гбит/с жылдамдығы арқылы жіберу мүмкіндігі бар. Брэгг торларындағы волноводты модулятордың оптикалық филтрдің сипаттамалары бір бүйірлік оптикалық жолақты басады, нәтижесінде бір бүйірлік жолақ модуляциясы пайда болады [15].

Мах – Цендер интерферометрін гетерогенді түрде кремний фотоникасына біріктіру арқылы оптикалық сәулелерді басқару мүмкіндігі бар. Осындай шешімдердің бірі – индий қалайы оксиді (ИҚО) негізінде жасалған, оптикалық сәулені бүйіріне орналасқан МОП конденсаторы арқылы басқаратын Мах-Цендер модуляторы. Бұл модуляторды беттік фазалық торы бар, сәулені басқаратын 128-волноводты оптикалық платформаға фазалық ығыстырғыш ретінде қолданып, негізгі сәуленің жіңішке жапырақша формасын және бүйірлік сәулесінің сөну көрсеткіші 10 дБм-ге тең болатын мәнін алуға болады. Бұл әдіс қазіргі таңда белгілі оптикалық фазаланған торлардағы шығын көрсеткішін азайтып, LiDAR жүйелері, голографиялық дисплейлер, оптикалық бос кеңістік байланыстары және оптикалық қосқыштар үшін ИҚО ГГц модуляция жылдамдығын қолдану мүмкіндігіне ие [16].

Ультра кең жолақты және тартылған оптикалық жиілік тарағын (OFC) генерациялау үшін фазалық модулятордың және қос жетекті литий-ниобаттық Мах-Цендер модуляторының (DD-LiNbO₃-MZM) сериялық каскадтауға негізделген тәсілдері белгілі. Бұл мақстақа қол жеткізу үшін сигналдың қозғаушы күші 16,9 дБм болатын төмен қуатты күшейтілген RF көзі қолданылады, ал

үздіксіз лазердің қуаты 3 дБм деңгейінде сақталады. Тасымалдаушы сигналдардың максималды санын генерациялау үшін жиілік аралығы (FS) 20 ГГц деңгейінде сақталады. Ұсынылған схема салыстырмалы түрде қарапайым, ал жиілік аралығы модуляторлардағы қолданылатын RF көзіне байланысты. Қол жеткізілген OFC желілерінде қажетсіз бүйірлік моданы қабылдамау коэффициенті шамамен 20 дБ болатын 45 дБ-ден жоғары тон-шу қатынасына (TNR) ие. Тарақ сызықтары шамамен 0-6 дБ қуат ауытқуымен бірдей, және 0,12 дБ мәнге дейін оңтайландырылған [17].

Тартылған оптикалық жиілік тарағын (OFC) және синусоида пішінді Найквист формалы сигналдарды қарапайым кремний негізіндегі екі каскадты Мах-Цендер модуляторы көмегімен генерациялауға болады. OFC 1.83 дБ әркелкілікке және 5 ГГц жиілік таралуына ие. Ал Найквист импульсінің уақыты 22 пс-қа тең. Жоғарыда айтылған цифрлық сигналдар толқын ұзындығы 1536.6, 1542.8, 1549 және 1555,3 нм-ге тең оптикалық сәулелермен жіберіледі. Жиілік тарағының әркелкілігі осы төрт толқын ұзындығында 2 дБ мәнінен төмен. Бұл құрылғы оптикалық желілер мен интеграцияланған микротолқынды фотониктерде бапталатын қайталау жиілігімен көптолқынды сәуле көзі немесе импульті сәуле көзі ретінде қолданылады [18].

Сондай-ақ, аса-жоғары жылдамдықтағы оптикалық байланыстарды Найквист формалы РАМ модуляция сигналдары арқылы жүзеге асырады. Модуляцияланған сигналдарды алу үшін өткізу жолағы 22.5 ГГц болатын қарапайым кремний-фотонды Мах-Цендер модуляторы қолданылған. Өткізу жолағы шектеулі жүйелерде күшейтілген жоғары жиілікті шуды басуға арналған екі отводы бар постфильтр қолданылады. Постфильтрдің әсерінен пайда болған символаралық шуылдар, тізбектің максималды ықтималдылығын (MLSD) анықтау арқылы жойылады. Осы постфильтр мен MLSD көмегімен РАМ-6 модуляцияланған, BER мәні 20%-дан төмен, шектік мәні 1.5×10^{-2} тең сигналды 1 км аралықта стандартты бірмодалы оптоалшықты қолдану арқылы 200 Гб/с жылдамдық арқылы таратуға болады. Сонымен қатар РАМ-4, РАМ-8 модуляциялары үшін сәйкесінше 192 Гб/с және 168 Гб/с жылдамдықпен деректер жіберіледі [19].

1.2 Анизотропты кристаллдардың оптикалық сипаттамалары

Кристаллдардың оптикалық сипаттамалары оптикалық құрылғыларды жасауда негізгі орынды алады [20]. Электро-оптикалық және бейсызық-оптикалық кристалдарда, механикалық кернеулер мен электр өрісінің әсері, кристалдың толықтай оптикалық қасиеттерінің өзгеруіне себепші болатын гетерогенділікті тудырады. Сонымен қатар, сыну көрсеткіштерінің

гетерогенділігі құрылымдық әртектіліктің және кристал құрамының өзгеруіне байланысты болуы мүмкін [21]. Әдетте, оптикалық гетерогенділік жарық поляризатор-кристалл-анализатор жүйесінен өтуі кезінде аномальды екі жақты сыну ретінде көрінеді және кристалл жарықтандырудың болуы, жылу, электр, серпімді өрістер және т. б. секілді бірқатар сыртқы факторларға байланысты.

Кристалдардың оптикалық қасиеттерін зерттеу кезінде сыну көрсеткіштеріне негізделген, оптикалық индикатриса деп аталатын көмекші кеңістіктік фигурасы қолданылады. Индикатриса векторының әрбір радиусының мәні осы вектордың бағытында тербелетін жарық толқындары үшін кристалдың сыну көрсеткішін көрсетеді.

Осылайша, оптикалық индикатриса сыну көрсеткіштерінің мәндері мен кристалдан өтетін жарық толқындарының тербеліс бағыты арасындағы байланысты анық көрсетеді. Индикатрисаның эллиптикалық қимасының симметрия осьтері, жарық толқындарының кристалдың берілген қимасында тербелетін жалғыз бағыты болып табылады. Индикатрисаның пішіні кристалдың симметриясымен анықталады [22].

Кристалдың немесе кристалдық элементтің оптикалық біртектілігін анықтау үшін: қалдық жарық ағыны (ҚЖА), контраст, аномальды екі осьтік және эллиптіктілік секілді бірнеше сипаттамалар қолданылады.

$I_{\text{кал}}$ (%) қалдық жарық ағыны:

$$I_{\text{кал}} = (I_{\perp} / I_{\parallel}) \times 100 \quad (1.1)$$

ретінде анықталады. Мұндағы $I_{\perp}$ және $I_{\parallel}$ сәйкесінше айқастырылған және параллель поляризаторлары бар кристалдың оптикалық осі бойымен поляризатор-кристалл-анализатор жүйесі арқылы өтетін жарықтың қарқындылығы.

Электрооптикалық элементтер үшін біркелкіліктің критерийі ретінде жиі K_{κ} контраст коэффициенті және $K_{\circ}$ эллипстік коэффициент қолданылады. Айқастырылған $K_{\kappa}^{\times}$ және K_{κ}^{Π} параллель поляроидтары үшін контраст коэффициенттері келесідей өрнектермен анықталады:

$$K_{\kappa}^{\perp} = I_{\perp(U_{\lambda/2})} / I_{\perp(0)} \quad (1.2, \text{ а})$$

$$K_{\kappa}^{\parallel} = I_{\parallel(0)} / I_{\parallel(U_{\lambda/2})} \quad (1.2, \text{ ә})$$

Мұндағы $I_{\parallel(U_{\lambda/2})}$ және $I_{\perp(U_{\lambda/2})}$ — кристалдық элементке жарты толқындық кернеуді бергенде поляризатор-кристалл-анализатор жүйесі арқылы өткен

жарықтың қарқындылығы; Ал $I_{H(0)}$ және $I_{\perp(0)}$ $U=0$ болған кездегі поляризатор-кристалл-анализатор жүйесі арқылы өткен жарық қарқындылығы.

Эллипстік коэффициенттер келесі орнектер бойынша анықталады:

$$K_{\circ} = I_{H(0)} / I_{\perp(0)} \quad (1.3, \text{ а})$$

$$K_{\circ} = I_{\perp(U_{\lambda/2})} / I_{H(U_{\lambda/2})} \quad (1.3, \text{ ә})$$

Бұл критерийлердің басты кемшіліктерінің бірі, олар Δn - мен тікелей емес, $\sin^2(\frac{\pi l}{\lambda} \Delta n)$ функциясымен байланысқан. Мұндағы λ – толқын ұзындығы, ал l – кристалл ұзындығы.

ҚЖА, K_{κ} және $K_{\circ}$ кристалдан өткен сәуленің толық апертурасында есептеледі, және де гетерогенділіктің интегралды сипаттамасы болып саналады. Айқастырылған поляроидтар арасында орналасқан кристалды бақылау ашық және қара дақтар түріндегі гетерогендік үлгісін көрсетеді.

Оптоэлектроника мен талшықты оптика жүйелерінде ең жиі қолданылатын материалдардың бірі анизотропты литий ниобат кристалы болып табылады. Оның бірегей электрооптикалық, фотосерпімді, пьезоэлектрлік, бейсызықты қасиеттері мен жақсы механикалық қасиеттерінің комбинациясы, химиялық тұрақтылығы мен кең жолақты тарату диапазоны бірқатар құрылғыларды жасау үшін негіз болады [23].

Литий ниобаты монокристалдары 3м нүктелік симметрия тобына жатады; олар қос сынудың үлкен мәні бар теріс бір осьті ($n_o > n_e$) кристалдар болып табылады.

$LiNbO_3$ кристалдары 0.3-тен 5.5 мкм-ге дейінгі толқын ұзындығы диапазонында мөлдір болады [24]. $LiNbO_3$ кристалдары жоғары сыну көрсеткіштеріне ие болғандықтан, үлгілердің бетінен сәулеленудің айтарлықтай шағылысуы байқалады. Есептеулер 1.06 және 0.53 мкм толқын ұзындығында қалыңдығы 10 мм үлгі үшін жалпы шағылысу жоғалуы 30–32% болатынын көрсетеді [25]. $LiNbO_3$

Толқын ұзындығы 4 мкм-ден асатын кезде $LiNbO_3$ кристалдарының мөлдірлігі үлгілердің қалыңдығына қатты тәуелді болады, сонымен қатар шағылысу жоғалуы қатты артады. Қалыңдығы 5 - 8 мм үлгілердің өтуі $X = 5,5$ мкм кезінде нөлге жетеді, алайда жұқа үлгілер (1-2 мм), шағылысу жоғалуларын қоспағанда, 7 мкм-ге дейін мөлдір болып қала алады.

Инфрақызыл таратудың шетінде табиғаты белгісіз таяз жұтылу шыңдары байқалады [25]. Олардың тереңдігі үлгінің қалыңдығына байланысты. [25] авторлары бұл жұтылу жолағы $O\bar{H}$ иондарының сілтілі галогенид

кристалдарында және кварцта пайда болуы сияқты $LiNbO_3$ торына қосылуы нәтижесінде пайда болады деп есептейді. Енгізудің себебі ауадағы кристалдардың өсуі немесе бастапқы заттардың гидролизі болып табылады.

$LiNbO_3$ кристалдарының оптикалық қасиеттеріне оның құрылымындағы ақаулар үлкен әсер етеді. Тіпті номиналды таза $LiNbO_3$ кристалдары химиялық құрамы бойынша ($R = [Li]/[Nb]$) литий атомдары санының ниобий атомдарының санына қатынасы 0,8-ден 1,0 немесе одан да көп мәнге өзгеруі мүмкін) ерекшеленеді, және бұл әр түрлі типтегі ақаулардың жоғары концентрациясына әкеледі [26].

[27] авторы $LiNbO_3$ кристалдарының оптикалық гетерогенділігі олардың нақты құрылымымен байланысты, оның ішінде дислокациялар, зарядталған ақаулар кешені және әр түрлі ақауларға локализацияланған зарядталған домен шекаралары бар екендігін көрсеткен.

Сонымен қатар, номиналды таза кристалдар фоторефрактивті қасиеттерге ие, бұл қуатты лазер сәулесінің әсерінен оптикалық сипаттамалардың айтарлықтай өзгеруіне әкеледі және фоторефракцияны кристалдар өсірілетін балқымаларға басу үшін Mg, Sc, Zn немесе In сияқты кейбір химиялық элементтердің қоспалары қосылады. Керісінше, Fe, Cu сияқты қоспаларды қолдану фоторефракцияны күшейтуге көмектеседі. Қоспалардың өз ақауларымен әрекеттесуі нақты кристалдардың құрылымын өте күрделі етеді. [28] авторлары мөлдірліктің барлық ауданында $LiNbO_3$ легіріленген кристалдардың сыну көрсеткіштерінің дисперсиясын зерттеді.

Конгруентті құрамдағы балқымадан өскен кристалы жоғары қуатты сәулеленуге ұшырағанда, онда фоторефракция әсерінен болған оптикалық бұзылу әсері байқалады. Бұл әсерді азайту үшін құрылымы стехиометриялыққа жақын арнайы өсірілген $LiNbO_3$ кристалдары қолданылады. Литий ниобаты кристалының жойылу шегін арттырудың тағы бір тәсілі оны MgO-мен легирлеу болып табылады [29].

[30] әдебиетте авторлар "фоторефрактивті" Cu катиондары мен "фоторефрактивті емес" Zn катиондарымен қоспаланған $LiNbO_3$ монокристалдарындағы жарықтың фоторефрактивті шашырау кинетикасының сәулелену қуатына және кристалл кесілген були аймағына тәуелділігін ұсынады. Эксперименттік нәтижелер буль көлемінде бір кристалдың қасиеттері айтарлықтай ерекшеленетінін көрсетеді. Бұл ретте шашыраған Жарық индикаторының пішіні қоспалаушы қоспаның түрі мен концентрациясына, сондай-ақ лазер сәулесінің қуатына байланысты болады [31].

[32] авторлары үш қоспалы $LiNbO_3 : Zr, Cu, Ce$ кристалын өсіріп, зерттеді. Зерттеу барысында, бұл кристалдың фоторефракторлық сезімталдығы 0,009 см/А-ге өскенін анықтады. Бұл көрсеткіш $LiNbO_3 : Cu, Ce$ кристалымен

салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Сонымен қатар $\text{LiNbO}_3 : \text{Zr}, \text{Cu}, \text{Ce}$ кристалы төмен ынталандырылған жарық шашырауына ие болғандықтан, деректерді голографиялық сақтау үшін тамаша материал болып табылады.


300-400 К температурада B , Zn , Gd , Tm элементтерімен легіріленген литий ниобаты кристалдары үшін олардың электрофизикалық және диэлектрлік дисперсия мәндерінің аномалиясы анықталған [33].

LiNbO_3 кристалының сыну көрсеткіші мен қос сыну көрсеткішінің өзара байланысын алғаш рет Миллер мен Сэведж, Вернер, Хобден және т.б. зерттеген.

Миллер мен Сэведж зерттеулері [34] мономоденді кристалдарда интерференция-поляризация әдістері арқылы 0,6328 мкм толқын ұзындығында жүргізілген. Нәтижесінде ғалымдар сыну көрсеткіші мен қос сыну көрсеткіштерінің өзгерісін анықтады. Температура мәні Кюри мәніне дейін өскен жағдайда (шамамен 1200 °C) n_e мәні 0.18-ге, ал n_o 0.03-ке өзгереді.

[35] әдебиеттерінде полидоменді LiNbO_3 кристалының бөлмелік температура мен Кюри нүктесіне дейінгі аралықта қос сыну көрсеткішінің мәндері көрсетілген (1.1-сурет). Өлшеулер 0.6328 және 1.15 мкм толқын ұзындықтарында поляризация-оптикалық тәсілмен жүргізілген.

Қос сыну көрсеткіші температура мәні 882 °C ($\lambda = 0.6328$ мкм) және 888 °C-қа ($\lambda = 1.15$ мкм) дейін өскенде азаяды, және литий ниобаты кристалы изотропты күйде болады. Температураны одан әрі арттырып, Кюри мәніне жеткізгенде қос сыну көрсеткіші 0.069 ($\lambda = 0.6328$ мкм) және 0.060 ($\lambda = 1.15$ мкм) мәндеріне тең болады.



1.1 Сурет – $\lambda = 0.6328$ (1) және $\lambda = 1.15$ (2) мкм кезіндегі литий ниобаты кристалының қос сыну көрсеткішінің температура мәніне қатысты өзгеруі.

Хобден мен Вернер [35] полидоменді $LiNbO_3$ кристалдарының сыну көрсеткіштерінің қатынасын $\lambda=0,4471, 0,4713, 0,4922, 0,5016, 0,5876, 0,6678$ және $0,7076$ мкм мәндерінде, 19 бен 374 °C аралығында сегіз температура мәнінде есептеген. Есептеу нәтижелері Селмейер эмпирикалық теңдеуімен жақсы сипатталады:


$$n_o^2 = 4,913 + \frac{1,173 \cdot 10^5 + 1,65 \cdot 10^{-2} T^2}{\lambda^2 - (2,12 \cdot 10^2 + 2,7 \cdot 10^{-5} T^2)^2} - 2,78 \cdot 10^{-8} \cdot \lambda^2 \quad (1.4, a)$$

$$n_e^2 = 4,5567 + 2,605 \cdot 10^{-7} T^2 + \frac{0,970 \cdot 10^5 + 2,7 \cdot 10^{-2} T^2}{\lambda^2 - (2,01 \cdot 10^2 + 5,4 \cdot 10^{-5} T^2)^2} - 2,24 \cdot 10^{-8} \lambda^2 \quad (1.4, \text{ә})$$

Мұндағы, T – температура, К; λ – толқын ұзындығы, мкм.

[36] әдебиетте периодты поляризацияланған $LiNbO_3$ кристалы үшін Селмейер теңдеуі келтірілген.

Кездейсоқ поляризацияланған $LiNbO_3$ кристалының сыну көрсеткіші мен температура байланысын Ивасаки және т.б. зерттеген [37]. Бұл зерттеулерде $0,42-0,67$ мкм толқын ұзындығы диапазонындағы бірнеше толқындардың сыну көрсеткіштерінің температураға қатынасын призма әдісі бойынша зерттеген. Эксперимент барысында температура мәнін 900 °C-ң-ға дейін өсірген (1.2-сурет).



1.2 Сурет – $LiNbO_3$ кристалындағы сыну көрсеткіштері мен температураның қатынасы.

Температураның литий ниобаты кристалының оптикалық қасиеттеріне әсері [38] әдебиетте қарастырылған. Литий ниобатының сыну көрсеткіштерінің температураға байланысты өзгеру жылдамдығы әртүрлі толқын ұзындықтары үшін әртүрлі болатыны анықталды. $\Delta n_o / \Delta t$ және $\Delta n_e / \Delta t$ спектрлік қатынастары анықталды. $n = f(\lambda)$ дисперсиялық қисықтары әртүрлі температура мәндерінде әртүрлі формада болатындығы көрсетілген. Сыну көрсеткіштерінің мұндай өзгеруінің себебі dn/dt -ға қойылатын торлық үлес болып табылады.

[39] әдебиет авторларының тұжырымдамасы бойынша, $LiNbO_3$ кристалдарының қос сыну көрсеткіштерінің температураға әсері өздігінен поляризацияға байланысты және кристалдың деформациясы ретінде анықталады:

$$\delta \Delta n_i = R_{ij} P_j^2 + p_{im} x_m^0 \quad (1.5)$$

Мұндағы, R_{ij} – электрооптикалық тұрақты, P_j – өздігінен поляризация, p_{im} – өздігінен деформация, x_m^0 – деформацияның тензор компоненттері.


$LiNbO_3$ кристалының оптикалық әртектілігін зерттеу барысында, температура мәнінің өсуімен ҚЖА мәні де өсіп, 60-90 °С-да максимум мәнге жетіп, кейін 150 °С-да біртіндеп нольге түсетіні анықталды [40]. Бастапқыда ҚЖА-ның мұндай өзгеруі серпімді кернеулердің босаңсуымен түсіндірілді. Дегенмен, ҚЖА өзгертін температуралар серпімді кернеуді күйдіру үшін тым төмен. Сондықтан ҚЖА-ны тек серпімді-оптикалық эффектпен сипатталмайды. Электрооптикалық эффектпен түсіндірілетін ҚЖА мен фоторефракция әлсірейтін температураның сәйкес келуі ҚЖА-ның ішкі ("кіріктірілген") электр өрісінің әсерінен пайда болатын электрооптикалық эффектімен анықталады деп болжауға мүмкіндік береді. Кристалдарда кіріктірілген өрістің болуы және оның ҚЖА түрінде кездесуі кристалдың тепе-теңдік күйінен ауытқуын көрсетеді.

$LiNbO_3$ монокристалдарының гамма-, гамма-нейтронды шағылулары сыну көрсеткіштерінің артуына әкеледі [41]. n_o және n_e сыну көрсеткіштерінің сәулелену дозасына тәуелділігі 106 Р-дан үлкен қанығу шығысына және өспелі сипаттамаға ие. n_o және n_e -нің температураға тәуелділігі циклдық қыздыру кезінде температуралық гистерезиске және баяу өспелі сипаттамаға ие.

1.3 Жарықтың анизотропты кристалды жүйелерден өтуі

Анизотропты кристалдағы жарықтың таралуының басты ерекшелігі – еркін поляризацияланған жарық толқыны әртүрлі фазалық жылдамдықтармен

таралатын ортогональды поляризация бағыттары бар екі сызықты поляризацияланған толқындарға (қарапайым және ерекше) бөлінеді [42] (1.3-сурет).



1.3 Сурет – Поляризацияланған жарықтың z оптикалық перпендикуляр анизотропты кристалы арқылы өтуі

Қарапайым (o) және ерекше (e) толқындарда жарық векторының тербелістері өзара перпендикуляр бағытта болатындықтан, пластинадан шыққанда осы тербелістердің қосылуы нәтижесінде жарық толқындары пайда болады. E векторы (демек, H векторы да) оның соңы координаталық осьтерге қатысты ерікті түрде бағытталған эллипсті сипаттайтындай уақыт бойынша өзгереді. Бұл эллипстің теңдеуі келесідей [43]:

$$\frac{x^2}{E_o^2} - \frac{2xy}{E_o E_e} \cos \varphi + \frac{y^2}{E_e^2} = \sin^2 \varphi \quad (1.6)$$

Мұндағы E_o және E_e – сәйкесінше қарапайым және ерекше толқындардың электр өрісінің кернеулік компоненттері, φ – толқындардың фаза айырмашылығы.

Осылайша, кристалды пластинадан өту нәтижесінде жазық поляризацияланған жарық эллиптикалық поляризацияланған жарыққа айналады. Эллипстің параметрлері кристалдағы толқындар арқылы өтетін қашықтық ұлғайған сайын өзгереді, өйткені пластинадағы қарапайым және ерекше толқын арасында оптикалық жол айырмашылығы мен фазалық айырмашылық пайда болады:

$$\Delta = (n_o - n_e)d, \Rightarrow \varphi = \frac{2\pi}{\lambda_0}(n_o - n_e)d \quad (1.7)$$

Мұндағы, d – пластинаның қалыңдығы, λ_0 - вакуумдағы жарықтың толқын ұзындығы. Егер $\Delta = (n_o - n_e)d = 1/4$, $\varphi = \pm\pi/2$ болса, онда (1.6) теңдеуі келесідей түрде болады:


$$\frac{x^2}{E_o^2} + \frac{y^2}{E_e^2} = 1 \quad (1.8)$$

$E_o = E_e$ (егер пластинаға түсетін жазық поляризацияланған жарықтың жарық векторы пластинаның оптикалық осінің бағытымен $\alpha = 45^\circ$ бұрыш жасаса) кезінде:

$$x^2 + y^2 = E_o^2 \quad (1.9)$$

Бұл, пластинаның шығысындағы жарық циркулярлы поляризацияланған болатынын дәлелдейді.

Егер бірінші кристалдан кейін сызықты поляризацияланған жарық екінші кристалға түссе, онда қайтадан екі қарапайым және ерекше сәулеге бөліну пайда болады. Олардың интенсивтілігі түскен сәуледегі тербеліс жазықтығы мен екінші кристалдың негізгі жазықтығы арасындағы α бұрышына байланысты (1.4-сурет).



1.4 Сурет – z оптикалық осіне α бұрышында поляризацияланған жарықтың анизотропты кристал арқылы өтуі

Егер E_o түскен толқынның амплитудасын негізгі ось бойымен және оған перпендикуляр кеңейтетін болса:

$$\begin{cases} E_o = E_0 \sin \alpha \\ E_e = E_0 \cos \alpha \end{cases} \quad (1.10)$$

онда, қарапайым және ерекше толқындардың интенсивтілігін таба аламыз:

$$I_o = I_0 \sin^2 \alpha, \quad I_e = I_0 \cos^2 \alpha \quad (1.11)$$


Сәйкесінше қарапайым толқын мен ерекше толқынның қатынасы:

$$\frac{I_o}{I_e} = \operatorname{tg}^2 \alpha \quad (1.12)$$

(1.11)-(1.12) өрнектері Малюс заңы деп аталады.

Жарықтың ерекше таралуының себебі – қарапайым (бір поляризацияның жарығы) және ерекше (басқа поляризацияның жарығы) сәулелердің таралуы үшін кристалдың әртүрлі сыну көрсеткіштері болып табылады.

Анизотропты кристалда жарықтың таралуы кезінде болатын физикалық құбылыстарды жарықтың поляризациясын басқару үшін пайдалануға болады. Жарық өрісінің ортогональды құраушыларының фазалық айырмасының өзгеруі жарық толқынының поляризация күйін өзгертеді [44]. Бұл эффект кристалдық оптикада кеңінен қолданылатын фазалық пластиналар жұмысы негізінде жатыр [45]. Ширек толқынды және жартылай толқынды фазалық пластиналар болады (1.5-сурет). Олар сызықтық поляризацияны дөңгелек поляризацияға түрлендіру және керісінше түрлендіру үшін, сызықтық поляризацияның бағытын немесе айналмалы поляризацияда айналу бағытын өзгерту үшін қолданылады.



1.5 Сурет – Фазалық пластиналар: а – $\lambda/2$ жартылай толқынды пластина;
б – $\lambda/4$ ширек толқынды пластина

Оптикалық оське параллель бір осьті кристалдан кристалдық пластина кесілген болса, онда пластинадағы ерекше және қарапайым сәулелер кеңістікте бөлінбейді, бірақ әртүрлі жылдамдықтарға ие болады. Сәйкесінше $\lambda/4$ -тегі пластина e және o сәулелерінің арасындағы $\pi/2$ фазалық айырмашылықты береді. Ал сәуле жолының айырмашылығы (1.7):

$$\Delta = (n_o - n_e)d = \pm \lambda / 4, \Rightarrow \varphi = \frac{2\pi}{\lambda_0} (n_o - n_e)d = \pm \frac{\pi}{2} + m\pi \quad (1.13)$$

Егер пластинаның кірісіне жазық поляризацияланған толқын түссе, онда шығысында циркулярлы поляризацияланған толқын аламыз. Және керісінше, циркулярлы поляризацияланған толқыннан пластинасынан өткенде шығысында жазық поляризацияланған толқынды аламыз. Бұл пластина арқылы табиғи жарық өткенде, табиғи жарық өзгеріске ұшырамайды және ол поляризацияланбаған болып қалады. Циркулярлы поляризацияланған жарықты пластинасынан өткізу арқылы жазық поляризацияланған жарықты аламыз, содан кейін оны поляризатор арқылы өткізуге болады. Поляризатор сызықты поляризацияланған жарықты бір айналу бұрышындағы максималды интенсивтілік пен бұрышпен бұрылған кезде жіберілетін жарық қарқындылығының нөлдік мәні арқылы көрсетеді. Поляризатордың әртүрлі айналу бұрыштарында жіберілетін табиғи жарықтың қарқындылығы тұрақты болып қала береді.

Сызықтық поляризация жазықтығын белгілі бір бұрышқа айналдыру үшін келесідей оптикалық жолды және фазалар айырмашылығын беретін $\lambda/2$ пластинасын пайдалануға болады:

$$\Delta = (n_o - n_e)d = \pm \lambda / 2, \Rightarrow \varphi = \frac{2\pi}{\lambda_0} (n_o - n_e)d = \pm \frac{\pi}{2} \quad (1.14)$$

Егер $\lambda/2$ пластинасының алдындағы сызықтық поляризация кристалдың оптикалық осіне қатысты α бұрышына ие болса, онда шығыста поляризация жазықтығының 2α бұрышқа айналуын аламыз.

1.4 Кристалдардың оптикалық сипаттамаларына сырқы электр өрісінің әсері

Анизотропты кристалға сыртқы тұрақты электр өрісі әсер еткенде, электрондар белгілі бір ионға қарай ығысады, бұл ортаның поляризациялануының, демек, кристалдың сыну көрсеткіштерінің өзгеруіне әкеледі [46].

Оптикалық индикатрисаның теңдеуін келесідей сипаттауға болады:

$$a_{ij}x_i x_j = 1, \quad (1.15)$$

Мұндағы, $a_{ij} = 1/\varepsilon_{ij} = 1/(n_j)^2$ - поляризация константалары, ε_{ij} - диэлектрик өтімділіктің тензор компоненттері, n_j - кристалдың басты сыну көрсеткіштері.

Кристалға электр өрісі әсер еткенде, оптикалық индикатор деформацияланып, айналады [47]. Сыну көрсеткіштерінің өзгеруі әдетте поляризация константаларының өзгеруі арқылы анықталады:

